



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№5 (1918) 12 АҚПАН 2024 ЖЫЛ



Мандоки еңбектері – ҮЛКЕН ҚАЗЫНА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті ғалым, түркі әлеміне ортақ тұлға, мажарстандық түркітанушы, қайраткер Иштуан Қоңыр Мандокидың туғанына 80 жыл толуына орай, халықаралық ғылыми конференция өтті.

«Түркітанудағы Шығыс пен Батыстың алтын көпірі – Қоңыр Мандоки!» атты конференцияны ҚазҰУ мен ЮНЕСКО аясында Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы бірлесіп өткізді.

Конференцияның мақсаты – әйгілі ғалымның өмір жолы мен рухани мұрасын зерттеу, ғылыми еңбектерін насихаттау,

Иштуан Қоңыр Мандокидың шығармаларын жаңа сипатта қарастырып, ғылыми жұмыс жүргізу, сондай-ақ түркологиядағы түйткілді мәселелерді талқылау.

Тағылымды шараға онлайн және офлайн форматта ЮНЕСКО аясында Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының директоры, Қазақ

станның Еңбек Ері Олжас Сүлейменов, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет, ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев, Халықаралық түркі академиясының вице-президенті Асхат Кесікбаев, Қазақстанның Мажарстандағы елшісі Жәнібек Әбдрашов, ЮНЕСКО аясында Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы директорының орынбасары Салтанат Әшімова, Мажарстанның Қазақстандағы бас консулы м.а. Имре Питер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, тарихшы Марат Сембі, шетелдік ғалымдар, атап айтқанда: Мөвсүмлі Джавид, Әсел Лахаева, Дэвид Сомфай және түркітанушылар қатысты.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Францияның Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Дидье Канесспен кездесті.

Франция университеттерімен СЕРІКТЕСТІК



Кездесуде ректор Франция мен Қазақстан университеттері арасындағы ынтымақтастық байланыстарға тоқталды.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Францияның жоғары оқу орындарымен, институттарымен, ғылыми, мәдени ұйымдарымен серіктес.

Солардың бірі – Лотарингия университеті. Бұл білім ордасы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде «Механика және энергетика» қосдипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда. Қазіргі уақытта 100-ден астам магистрант пен 20 докторант дайындалды. Химия және химиялық технология факультетінде

Лотарингия университетімен бірлесіп «Мұнай-газ ісі» және «Абай-Верн» бірлескен білім беру бағдарламалары, ал Реймс Шампань-Арденна университетімен бірге «Математика (УРША)» қосдипломды бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Өткен жылы Париждегі кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан мен Францияның жоғары оқу орындары ректорларының VII форумы шеңберінде «Эрасмус+» бағдарламасы бойынша Реймс Шампань-Арденна университетімен студенттер алмасу туралы шартқа қол қойылды.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Оңтүстік Кореядағы Хендэ ауруханасының бас директоры Ким Бу Соппен кездесті.

Кездесуде университет ректоры құрметті қонаққа ҚазҰУ-дың жеткен жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы айтып, ынтымақтастықты арттыруға бағытталған ұсыныстарын жеткізді.

«Қазіргі таңда ҚазҰУ мен Оңтүстік Корея ЖОО-лары арасындағы серік-

Медицина саласында ынтымақтастық артады

тестік қарқынды дамып келе жатыр. Біз байланысты одан әрі дамытуға мүдделіміз. Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен ҚазҰУ қалашығы құрылысының II кезеңі жүзеге асуда. Жоспар бойынша қалашықта емхана салынады. Медициналық орталықта емхана, медицина және денсаулық сақтау факультеті орналасады. Осы тұрғыда аталған ғимаратта Хендэ ауруханасымен бірлесіп медициналық орталық ашуды ұсынамын», – деді ректор.

Өз кезегінде құрметті қонақ жылы

қабылдағаны үшін университет ректорына ризашылығын білдірді. Өз сөзінде Ким Бу Соп аталған бастамаларды қолдайтынын айтып, бірқатар ұсынысын ортаға салды.

«Оңтүстік Корея медицина саласы бойынша әлемде үздік үштікке кіреді. Қазіргі таңда мемлекетіміз медицинаны одан әрі дамыту үшін аянбай еңбек етуде. Хендэ ауруханасында білікті профессорлар мен ғалымдар жұмыс істейді.

Жалғасы 2-бетте



3-бет

Сұлтан ТӨЛЕУХАНОВ:

Біз ұстаздарымызға қарап бой түзедік



5-бет

Ұлттық энциклопедияға 83 мақала жариялаған ғалым



7-бет

Климаттың өзгеруі барлық салаға әсер етеді



Мандоки еңбектері – ҮЛКЕН ҚАЗЫНА

Соңы. Басы 1-бетте

Халықаралық жиынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, Қоңыр Мандокидың түркі әлеміндегі ерекше орнын атап өтті. Өз сөзінде ректор әйгілі ғалымның шығармашылық еңбектері мен ғылымдағы бай мұрасы терең зерттеуді қажет ететінін баса айтты.

«Қоңыр Мандоки – түркі халықтарының 15 тілін еркін меңгерген полиглот, дарынды ғалым, көрнекті түрколог-зерттеуші. Тұран халықтарының фольклорлық-дүниетанымдық философиясын насихаттады. Еуропалық қыпшақтанудың негізін қалап, осы салада көшбасшы ғалым атанды. Ғылыми жетістіктерімен қатар, қайраткер тұлға түркі әлемінің рухани ынтымақтас-тығына елеулі еңбек сіңірді.

Түркі халықтарының салт-дәстүрін, мәдениетін, ұлттық ділін зерттеп, тың жаңалықтар ашты. Қоңыр Мандокидың өмірі – жас ұрпаққа өнеге, еңбектері – жас зерттеушілер үшін үлкен қазына. Адамзат өркениетіндегі түркілер феноменін әлемге паш еткен ғалымның ғылыми мектебін жалғастыру – түркітанушы ғалымдардың алдындағы парыз бен міндет», – деді ректор.

Өз кезегінде ЮНЕСКО ая-



сында Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының директоры, ақын Олжас Сүлейменов бейнебайланыс арқылы сөз сөйлеп, бүгінгі шараның маңыздылығына тоқталды.

Шара барысында ҚР Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі: «Жетпіс жылдық мерейтойын 2014 жылы Астана қаласында халықаралық деңгейде атап өткен болатынбыз. Қоңыр Мандокидың жұбайы Оңайша Мандокидың рұқсатымен 16 мың кітаптан тұратын кітапханасын алып келіп, «Мандоки. Түркология» кітапханасын жасақтадық. Бұл жұмыстар әлі де жалғасын таба беретіні сөзсіз.

Қоңыр Иштуан бастаған рухани керуен екі елдің достығы мен бауырластығына тың серпін бергеніне куә болып отырмыз», – деп атап өтті.

Конференцияда Асхат Кесікбаев, Жәнібек Әбдрашов, Салтанат Әшімова, Имре Питер, Марат Сембі, Мөвсүмлі Джавид, Әсел Лахаева, Дэвид Сомфай т.б. түркітанушы ғалымдар сөз сөйлеп, Қоңыр Мандокидың әдеби және тарихтағы зор үлесі мен жетістіктеріне тоқталды.

Жиын барысында зерттеуші ғалым Иштуан Қоңыр Мандокидың еңбектеріне арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Франция университеттерімен СЕРІКТЕСТІК

Соңы. Басы 1-бетте

Қазіргі уақытта халықаралық қатынастар факультетінің төрт студенті Реймс университетінде «Эрасмус+» бағдарламасы бойынша оқиды.

Академиялық ұтқырлық шеңберінде 2023/24 оқу жылында ҚазҰУ-дың 36 студенті, 5 докторанты, 12 оқытушысы Франция университеттеріне барып, түрлі конференцияларға, біліктілікті арттыру курстарына қатысып, бірлескен жобаларды іске асырды. Университетте Францияның жоғары оқу орындарынан 11 студент оқиды, француз ғалымдары дәріс оқуға және PhD докторанттарына ғылыми жетекшілік етуге тартылады. 2018-2023 жж. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Франция жоғары оқу орындарының 16 профессоры келді.

«Францияның жоғары оқу орындарымен ынтымақтас-

тықты одан әрі арттыру мүмкіндіктері мол. Университеттік АУФ, Франкофония агенттігінің, «Эразмус+» және «Горизонт 2023-25» бірлескен жобаларын жүзеге асырумен қатар, Француз Орталық Азия зерттеулер институтымен (IFEAC) өзара іс-қимылды күшейте отырып, біз мәдениет пен тіл бойынша өзекті мәселелерді зерделеу бойынша ғылыми орталықтар құра аламыз. ҚазҰУ-да Францияның жетекші университетінің филиалын ашу мүмкіндігін де қарастыра аламыз», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Елші Дидье Канесс өз сөзінде ҚазҰУ-да Франция университетінің филиалын ашу идеясына және ЖОО басшылығының басқа да бастамаларына қолдау білдіретінін айтты. Кездесу барысында тараптар ғылым және жоғары білім саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Медицина саласында Ынтымақтастық артады



Соңы. Басы 1-бетте

Біздің мақсат – Оңтүстік Кореядағы Топ-10 аурухананың қатарына қосылу. Біз ҚазҰУ-мен қарым-қатынасты дамытуға әрқашан дайынбыз. Болашақта бірлесіп ғылыми конференциялар, симпозиумдар, кездесулер өткізу қажет деп санаймын», – деді Ким Бу Соп.

Жүздесуде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев пен Хендэ ауруханасының бас директоры Ким Бу Соп медицина бағыты бойынша өзара түсінік туралы меморандумға қол қойды.

Тараптар кездесуде аталған бастамаларды жоспарлы түрде іске асыруға уағдаласып, естелік сыйлықтармен алмасты.



Ректор ғылыми жобаларды іске асыруды тапсырды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев оқу ордасының ғалымдарымен кездесті.

Кездесуде университеттік ғылымды ілгерілету және ғылыми-инновациялық жобаларды одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Жүздесу барысында Жансейіт Түймебаев оқу ордасындағы жас ғалымдарға қолдау көрсету қажет екенін айтып, университеттегі патенті алынған үздік ғылыми жобаларды нарыққа шығару жұмыстарын жеделдетуді тапсырды.

Сөз соңында ректор ғалымдарға шетелдік ғылыми-зерттеу институттарымен және орталық-

тармен, зертханалармен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірлесіп ғылыми жобаларды жүзеге асыру керектігін баса айтты.

Кездесуге қатысушы академиктер мен жас ғалымдар өз ойларын ортаға салып, ұсыныс тілектерімен бөлісті.

Жүздесу соңында ректор Жансейіт Түймебаев Қытай Халық Республикасының Үрімжі қаласында өткен ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық көрмесіне белсенді қатысқан ғалымдар мен ұйымдастырушыларды Алғыс хатпен марапаттады.

Ғалым құрметіне ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың ардагер оқытушысы, биология ғылымының докторы, профессор Анатолий Иващенконы қабылдады.



Кездесуде университет басшысы ғалымды 80 жасқа толған мерейтойымен құттықтады.

Жансейіт Түймебаев өз сөзінде: «Сіз ҚазҰУ-да университеттік ғылымды дамытуға елеулі үлес қосып, көптеген шәкірттер тәрбиеледіңіз. Оқу ордасында ұзақ жылдар

бойы абыройлы қызмет атқарып, 300-ден астам ғылыми еңбек жаздыңыз. Солардың ішінде 70-ке жуығы шетелдерде жарық көрді. Сонымен қатар бір монография мен бірқатар оқу-әдістемелік құралдың авторысыз. Сіздің іргелі зерттеулеріңіз бен академиялық жетістіктеріңіз білікті мамандарды даярлауда ғана емес, отандық био-

логия саласын дамытуда да ерекше орын алады», – деп жылы лебізін білдірді.

Сөз соңында ректор университеттің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ғалымды «Әл-Фараби» Алтын медалімен марапаттады.

Өз кезегінде профессор Анатолий Иващенко ҚазҰУ басшысына ризашылығын жеткізді.

Айта кетейік, кездесуден соң, Фараби кітапханасында биология ғылымының докторы, профессор Анатолий Тимофеевич Иващенконың 80 жылдығына орай, «Биология және медицинадағы нанотехнологиялар» тақырыбында халықаралық симпозиум өтті.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ



Мен беткеұстар, халықаралық рейтингте алдыңғы қатардан көрініп жүрген, еліміздің, ғалымдарымыздың атын шығарып отырған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегімін. Жарты ғасырдан астам өмірім осы университетпен тікелей байланысты. 1968 жылы биология факультетіне оқуға қабылданып, 1973 жылы бітірдім. Биыл 50 жыл болған Биофизика кафедрасының бірінші түлегі және бірінші аспирантымын. Оқуды бітіргенде биология факультетінің Ғылыми кеңесі аспирантураға ұсынып, түстім.

Біз ұстаздарымызға қарап бой түзедік, білмегенімізді үйрендік. Студент кезімнен ғылыми жетекшім, осы университеттің түлегі Виктор Михайлович Инюшиннің қолдауымен 1981 жылы диссертация қорғадым. Ғылыми жұмыс зауыт емес. Кейде эксперимент болмай қалады, кейде мақала шықпай қалады. Аспи-

жылы декан орынбасары қызметіне кірістім. 1991 жылы ректор Көпжасар Нәрібаев шақырып, «Сұлтан Төлеуханұлы, мен сізге проректорлық қызмет ұсынамын» деді. Шынын айтқанда, қорқып кеттім. Мұндай лауазымды қызметке дайын емес сияқты болдым. Оның үстіне докторлық диссертациямды қорғаймын деген жоспарым



Сұлтан ТӨЛЕУХАНОВ,

ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі,

Қазақстан Жоғары мектебінің Ұлттық ғылым академиясының академигі:

Біз ұстаздарымызға қарап

рантурада оқып жүргенде стажировканы санамағанның өзінде, алты жыл жүрдім. Өзіміз прибор жасадық, оған патент алдық. Мақала шығардық. Біздің кезімізде барлық аспирант қорғамайтын. Оны жаман аспирант не оның ұстазы жаман деп айтуға болмайды. Жай ғана жұмыс шықпай қалды – болды. Ол аспирант сосын басқа тақырып алып жалғастыратын. Бұл ғылымға деген адалдық, жауапкершілік. Ғылым жолында адам өзін-өзі аямай, терлеп-тепшіп, мұрнынан қан ағып еңбектену керек. Мен бір-екі рет мұрнынан қан кетіп, ауруханаға түскенмін. Бәрі солай жұмыс істейтін. Ғылым жолы оңай жол емес.

Аспирантураны бітіргеннен кейін мені университетке жұмысқа қалдырды. Ол кезде білім министрі Көпжасар Нәрібаев болатын. Ол кісі адам ретінде, ғалым, ұйымдастырушы ретінде өте мықты болды. Биофизикадан қорғаған бірінші маман болғандықтан, министр мені жолдамамен ҚазМУ-дың Биофизика кафедрасына жіберді. Өйткені бұл еліміздің болашағына тікелей байланысты мамандық болатын.

Университет жатақхана берді, отбасылы болдым. Балаларымыз №12 жатақханада тұрғанымызда өмірге келді. Осы жатақханалардан елімізге белгілі көптеген адамдар шықты. Университетте стажер, аспирант, кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, оқытушы, аға оқытушы болдым. Былайша айтқанда, барлық кезеңнен өттім. 1986 жылы доцент болдым. Сол жылы Тимирязев-Розыбакиев көшелерінің қиылысынан пәтер берді. Дәл осы уақытта деканымыз, профессор Рахметқажы Берсімбаев декан орынбасары қызметіне шақырды. Жетекшім «Сұлтан, деканның орынбасары болып не істейсің? Докторлық диссертацияңды қорға» деген кеңес берді. Декан орынбасарлығына үшінші рет шақырғанда Виктор Михайловичке «декан бірер жыл көмектесуімді сұрап отыр, бармасам болмай тұр» деп, 1989

бар. Бірден не айтарымды білмей, бір күн ойлануға рұқсат сұрадым. «Ойлан, ертең маған жауабын айт. Дұрыс шешім қабылдайтын шығарсың?» деді. Әбден ойландым. Жұмыстан қорықпаймын, бірақ «ұйымдастырушылық жұмыс жағы қалай болар екен» деген ой болды. Дегенмен «Ректор шақырып тұрғанда ұсынысын қабылдамағаным қалай болады? Не де болса бірер жыл істеп көрейін, егер жұмысты жүргізе алмасам өздері де ұстамайды ғой» деп ойладым да, ертеңіне келісімді бердім. Жұмыс көп, бәрін қолдан келгенше дұрыс атқаруға барымды салдым. Бір жылдан кейін Көпжасар Нәрібайұлына «докторлық жұмысым тоқтап қалды, ғылыммен айналыссам» деп ойымды айттым. Ол кісі «ойланап көрейін» деп қайтарды. Арада үш-төрт ай өткенде тағы сұрауға тура келді. «Кафедраға қайтадан доцент болып барасың ба?» деп сұрады. «Иә. Ғылыми жұмысым қалып барады» дедім. «Жарайды, бұл мәселені шешеміз» деп қайтарды.

Арада тағы біраз уақыт өткенде «Факультетте Биология және биотехнология мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу институты ашылады. Маған ұсынылған кандидаттар көңілімнен шықпай тұр. Осы институтқа директор болып барасың ба?» деді. Көпжасар Нәрібайұлының ризашылығымен сол жұмысқа ауыстым. Кейінірек «Кафедра меңгерушісі Виктор Михайлович көптен бері жұмыс істейді. Үлесі мол. Бірақ қазақша білмейді. Қазір қазақ бөліміне оқуға түсетіндер саны көбейді. Сен сол кісінің орнына кафедра меңгерушісі болсаң» деген ұсыныс айтты. Алғашында жетекшімнің орнын тартып алғандай боламын деп қатты ыңғайсыздандым. Жетекшім өте жақсы, момын, ешкімге зияны жоқ, жақсы адам болатын. Нағыз ғалым еді. Ол кісімен декан өзі сөйлесті. Жеке кабинет беріп, ғылыми жұмысын жалғастыра беретін болды. Дегенмен екі жылдай ыңғайсызданып жүрдім. Осылайша екі жұмысты

бой түзедік



Осы университетте 55 жылдан бері еңбек етемін. Он ректормен бірге жұмыс істеппін. Әрқайсысының орны бөлек. Әрқайсысы емін-еркін жұмыс істеуіме мүмкіндік беріп, жағдай жасады.

қатар алып жүруге тура келді. Сегіз жыл Биология және биотехнология мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу институтының директоры болдым. Көпжасар Нәрібайұлы тәуелсіздік алған, экономикалық жағынан ең қиын кезде ректор болды. Сондай қиын шақта университетті сақтап қалды деуге болады. Ол кісі демалысқа кеткеннен кейін Төлеген Қожамқұлов ректор болып, қатар жұмыс істедік. Сол жылдары министрліктің бір кісі екі қызметті қатар алып жүруге болмайды деген шешімі болды. Мен кафедра меңгерушісі болып қалуды таңдадым.

Ректор Төлеген Әбдісағиұлы бір күні «Бұрын ҚазМУ-да республика деңгейінде белгілі Біліктілікті арттыру институты болған. 1994 жылы ақша жоқ, қиын уақытта жабылып қалды. Сол институтты ашып, қайта жұмысын жандандырсақ. Сол институтқа директор боласың» деген ұсыныс айтты. Мен «кафедраны басқа біреуге берейін деп жатыр екен» деп ойладым. Жоқ, ректор екі жұмысты қатар алып жүретінімді айтты. Дереве министрлікке хабарласып, мәселені шешті. Бұл институтта да сегіз жыл директор болып, кейін басшылықтың рұқсатымен жұмысты қойдым. Бұл Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов

ректор болған кез. Тұңғыш рет институттың қаржылай қолдауымен қызметкерлерді Ресей, Польшаға жібердік. Бұл бұрын болмаған жағдай.

Докторлық диссертациямды қорғап, профессор атағын алдым. 2006 жылы Халықаралық қоғамды ақпараттандыру академиясының академигі атағын берді. Кейіннен Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Жоғары мектебінің Ұлттық ғылым академиясының академигі атағын берді. Бәрі де еңбектің арқасы деп ойлаймын.

Факультетіміздегі үлкеніміз, ақсақалымыз Сабыр Нұртазин бір күні «Сұлтан Төлеуханұлы, Ұлттық ғылым академиясына неге бақ сынап көрмейсіз? Сіздің шәкірттеріңіз де өтіп жатыр ғой. Жетістіктеріңіз бар» деп айтты. Ол рас, 700-ден астам ғылыми жұмысым бар, 22-ден астам ғылым кандидаты, докторларын дайындағанмын. Ғылыми мектебім бар. Ұлттық ғылым академиясының мүшесі болуға құжаттарымды тапсыруды ұсынды. Бір орынға алты адамнан келді. Ректор Ғалымқайыр Мұтанов та қолдады. Сол кезде академиямыздың биология және медицина бөлімі бірауыздан қолдап дауыс берді. Шынын айтқанда, олай болатынын күтпедім. Сөйтіп, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі болдым. Меніңше, мұндай құрмет және сенім ол тек менің жалғыз өзіме көрсетілген сенім емес, ол университетімізге, факультетімізге, кафедрамызға көрсетілген сый-құрмет және сенім. Бұл да біздің университетіміздің беделі. Менің атағым университетке берілген атақ деп айтамын. Меніңше, неғұрлым біздің ұстаздарымыздың мәртебесі көтерілген сайын, соғұрлым біздің университетіміздің де мәртебесі көтеріле береді.

Университетімізде медицина факультетінің ашылуына

үлесімді қосқанымға қуаныштымын. Сол кездегі ректор Ғалымқайыр Мұтанұлымен бірге екі рет Сеул қаласына барып, осы факультеттің ашылуын қолдадым. Өйткені шетелдерде ҚазҰУ сияқты мықты университеттерде медицина факультеттері бар. Сеул университетінің ректоры да қолдап, меморандумға қол қойылды.

2020 жылы кафедра меңгерушісі қызметін тапсырдым. ҚазҰУ-да орта ерекше. Орта ерекше болған соң, кісілер де ерекше. Бәрі бір-біріне оң көзбен қарайды. Бұл шын сөзім. Студент кезімде Асқар Зақарин ректор болды. Өмірбек Жолдасбековтің қолынан жатақханаға ордер алып, сосын пәтерлі болғанмын. Өте дарынды кісі болды. Күнде таңертең сағат 8-ден бастап университет қалашығында жүріп жатқан жұмыстарға тексеру жүргізетін.

Көпжасар Нәрібайұлы ректор кезінде 2001 жылы Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев келді. Президент «Университетке қандай көмек керек?» деп сұрады. Ректор көптен жұмыс істеп жүрген қызметкерлерге үй керектігін айтты. Сол кездегі әкімге бірден тапсырма беріліп, мәселе шешілді. Пәтерлі болдық. Маған да төрт бөлмелі пәтер тиді. Қалалық әкімшілікке шақырып, пәтер кілтін құрметпен тапсырды. Университет басшылары әр кезеңде қызметкерлердің жағдайын жасап отырды. Осы университеттің арқасында маман, ғалым, ұстаз болдым, пәтер алдым. Маған сенім артып көптеген қызметке ұсынды. Мен де сеніп тапсырған істі абыроймен атқаруға барымды салдым, аянып қалған жерім жоқ. Оның бәрі осы университеттің арқасы дер едім. Ректорлар Еділ Ерғожин, Мейірхан Әбділдіндермен де бірге қызмет атқардық.

Жансейіт Қансейітұлы ректорлық қызметке кіріскенде «Біздің кезіміздегіге қарағанда аға буынның қатары сәл азайып қалыпты-ау, үлкен буын, орта буын, жас буынның арасында сабақтастық болу керек. Университеттің дәстүрі жалғасуы керек» деді. Жұмысқа кіріскеннен-ақ университеттің барлық ардагерлерін жинап, үлкен жиын өткізді. Құрмет көрсетті. Біз осындай оң көзқарастың, жылы қарым-қатынастың арқасында жұмыс істеп келеміз. Осы университетте 55 жылдан бері еңбек етемін. Он ректормен бірге жұмыс істеппін. Әрқайсысының орны бөлек. Әрқайсысы емін-еркін жұмыс істеуіме мүмкіндік беріп, жағдай жасады. Факультетте 35 жыл, ал университетте 32 жылдан бері Ғылыми кеңестің мүшесімін. Ректор Жансейіт Түймебаев жұмысқа кіріскенде де «Ғылыми кеңестің мүшесі болып қалыңыз» деген ұсыныс айтты. Бұл менің жұмысыма деген құрметтің белгісі деп білемін.

Университетімізге 90 жыл толып отыр. Мерейтойы құтты болсын! Болашақта да осы жоғары деңгейін жоғалтпасын. Дәстүрі жалғасып, бір-бірімізге көмектесіп, демеп, ұжым болып жүрейік. Сонда даярлап жатқан студенттеріміз мықты маман болып, елге қызмет ететін болады.

Тәуелсіз Қазақ елінде халықаралық қатынастар мамандығының негізін қалаған асқар тұлға, белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз – Жарас Ибрашев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 65 жылдан астам уақыт қызмет етіп, бүкіл ғұмырын ғибратты істерге арнап өтті.



настар және сыртқы саясат тарихы» мамандығы бойынша тарих ғылымының докторы ғылыми дәрежесін тағайындайтын диссертациялық кеңесті ашты. Бұл екі кеңестің де төрағалық қызметін Ж.Ибрашев атқарған болатын.

Ғұлама ғалым халықаралық қатынастар және дипломатия саласында ғылыми мектептің негізін қалады. Сондай-ақ Жарас Омарұлы бар жан-тәнімен демократиялық даму жолын насихаттап, бірқатар тәлім-тәрбие беретін ғылыми еңбектер жазды. Ол 100-ден астам ғылыми және ғылыми-публицистикалық мақалалардың,

Қайта жаңғырған семинар



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойы аясында механика-математика факультетінде «Қолданбалы және есептеу математикасының заманауи мәселелері» атты қалалық ғылыми семинардың жаңғыру іс-шарасы болып өтті.



Факультет деканы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор У.Әбдибеков аталған ғылыми семинардың жандануына себепкер болған, осы семинардың ғылыми жетекшілерінің бірі, университет пен факультеттің дамуына 50 жылдан аса тынбай үлкен үлес қосып келе жатқан ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының президенті, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Бақытжан Жұмағұловқа семинар тізгінін берді.

Бақытжан Тұрсынұлы факультеттің тарихына шолу жасап, ұстаздарды еске алып, «Тұтас орта механикасының шеттік есептері» атты ғылыми семинардың 2000 жылға дейін Шалтай Смағұлұлымен бірге өткізіп келгенін, ол кісі Қазақстанда Навье-Стокс теңдеулерін сандық шешумен айналысатын ғылыми мектеп қалыптастырып кеткенін атап айтты. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы арқасында бұл есептермен бүгінгі таңда бүкіл әлем айналысуда. Сондықтан осы қалалық ғылыми семинарды жаңадан өткізуді жөн деп санадым. Заман талабына сай, семинардың атауын өзгерттік. Семинар енді «Қолданбалы және есептеу математикасының заманауи мәселелері» деп аталады. Еліміздің ғылым саласына жоғары білікті мамандар даярлайтын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті механика-математика факультетінің математика ғалымдары үшін орны ерекше. Сол себепті семинар осында өтетін болады», – деді.

Ғылыми семинардың алғашқы баяндамасын «Түйін-

дес теңдеулер әдісімен экология және геология есептерін шешу» деген тақырыпта МКМ кафедрасының профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Нұрлан Темірбеков жасады. Баяндамада түйін-дес теңдеулер теориясын, вариациялық принциптерді қолдана отырып, Навье-Стокс теңдеулеріне арналған жалған аймақтар әдісін зерттеу нәтижелері баяндалды. Қосарлану принципі ластаушы заттардың қоспаларын тасымалдау есебі үшін қолданылып, нәтижесінде өнеркәсіптік қалалар мен объектілердің атмосфералық ауасын бақылаудың автоматтандырылған жүйелерінің деректерін игеру әдісі жасалғанына тоқталды. Автор жаңадан алынған теориялық ғылыми нәтижелердің (өз оқушыларымен жасаған) ауаның сапасын саралауға арналған геоақпараттық жүйеде қолданылғанын, ұсынған деректерді игеру әдісінің атмосфералық ауаны бақылаудың автоматтандырылған жүйелері қосымша деректерінің көмегімен өндіріс орындарының ауаға тарататын зиянды заттарының концентрациясын анықтауға мүмкіндік беретінін баяндады.

Ғылыми семинарға механика-математика факультетінің 90-нан астам жас ғалымдары, профессорлары, қауымдастырылған профессорлары, оқытушылары мен докторанттары қатысты.

Аталған қалалық ғылыми семинардың жас ғалымдарды дайындауда, оларды шыңдауда, университеттің ғылыми бағытын дамытуда маңызы айрықша екені күмән келтірмейді.

Сәуле МАУСЫМБЕКОВА,
МКМ кафедрасының
меңгерушісі,
физика-математика
ғылымдарының
кандидаты,
қауымдастырылған
профессор

Дипломатия мектебінің ғылыми негізін қалады

Профессор Жарас Омарұлы әресі биік, танымы терең, санасы сергек, қай нәрсені де парасатпен пайымдап, сабырмен саралай білген қазақтың біртуар азаматтарының бірі еді.

Ж.Ибрашев 1950 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін аяқтаған соң, оқу ордасының Жалпы тарих кафедрасының ассистенті, аға оқытушысы қызметтерін атқара жүріп, арасында Алматы қалалық комсомол ұйымының екінші хатшысы ретінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, тіпті қалалық кеңестің депутаты болып та қызмет атқарады. Қай салада қызмет істесе де, өзінің алғырлығымен, адалдығымен ерекшеленді. Тіпті 1968 жылғы Чехословакиядағы саяси дүрбелең кезіндегі Кеңестер Одағының Прага қаласына әскер кіргізуіне байланысты телеарнадағы шынайы сараптамасы кеңестік биліктің ұстанған жымсық саясатына қайшы келіп, саяси шолушы ретіндегі қызметі күрт тоқтатылып, біраз қиыншылықтарға да тап болған.

Ғылыми салада Франция мемлекетінің саясатына қызығушылық танытып, осы бағытта 1970 жылы кандидаттық, 1986 жылы докторлық диссертациясын қорғайды. Түп-деректермен танысу мақсатында Жарас Омарұлы француз тілін де жақсы меңгеріп алған еді. Францияның Ренн-1 университетінде француз тілінде дәріс те оқыған болатын. Ал 1987 жылы университетіміздің Жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындалады. 1988 жылдың 15 қаңтарында жалпы ғылыми-ұстаздық еңбегі ескеріліп, КСРО-ның Жоғарғы Кеңесі президиумының жарлығына сәйкес, Ж.Ибрашев «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Тәуелсіздіктің алғашқы айларында оң-солымызды толық айқындай алмай жатқанда профессор Ж.Ибрашев еліміз үшін жаңа мамандықтың қажеттілігі туралы алғашқылардың бірі болып ой қозғап, әлемдік ынтымақтастықтың дербес субъектісі ретінде Қазақстан Республикасы әр ел-

Ғұлама ғалым халықаралық қатынастар және дипломатия саласында ғылыми мектептің негізін қалады. Сондай-ақ Жарас Омарұлы бар жан-тәнімен демократиялық даму жолын насихаттап, бірқатар тәлім-тәрбие беретін ғылыми еңбектер жазды.

мен өзара ықпалдасуын қалыптастыру үшін халықаралық қатынастар саласындағы білікті мамандарды даярлауы керек екенін ұсынады.

1992 жылдың көктемінде тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш сыртқы істер министрі Төлеутай Сулейменов, сол кездегі министр орынбасары Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен профессор Жарас Омарұлының қажырлы еңбегінің негізінде Қазақ ұлттық университетінің тарих факультеті шеңберінде халықаралық қатынастар бөлімі ашылып, жас мамандарды даярлау дереу басталып кетті. Факультеттің ашылуына профессор Ж.Ибрашев ұйытқы болса, халықаралық қатынастар факультетінің тұңғыш деканы болған Гүлжауһар Жамбатырова да жаңа мамандықты жетілдіру саласында орасан зор еңбек еткені белгілі.

1994-2000 жылдар аралығында Ибрашев Халықаралық қатынастар және ҚР сыртқы саясаты кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 2000 жылы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің шешімімен Ж.Ибрашев «Құрметті кафедра меңгерушісі» атағына ие болды.

Жарас Омарұлының бастамасымен 1997 жылы Мемлекеттік аттестациялық комитет республикамызда тұңғыш рет «07.00.15 – Халықаралық қатынастар және сыртқы саясат тарихы» мамандығы бойынша кандидаттық ғылыми дәрежесін қорғау жөніндегі диссертациялық кеңесті ашса, 2003 жылдары ҚазҰУ жанындағы «07.00.15 – Халықаралық қаты-

10-нан астам монографияның, бірқатар оқу-әдістемелік оқу құралдарының авторы. Әр еңбегі демократиялық құндылықтарға толы. Әмірінің соңғы сәтіне дейін кафедра, факультет, университет шеңберіндегі істерге белсенді қатыса отырып, өзінің жаңашыл ойларымен бөлісті.

Өзі негізін қалаған Еуразиялық интеграцияны зерттеуге арналған орталығы Қазақ елінің бүгінгі мен болашағына арналды. Жарас Омарұлының әр сөзі, әр ойы жастарға тәлім-тәрбие беруге бағытталды. Жарас ағамыздың әр ісі мен қимылы да нағыз зиялы тұлғаның бейнесін елестетеді. Профессор Ж.Ибрашевтың жетекшілігімен 10 ғылым докторы, 34 ғылым кандидаты, 2 философия докторы (Phd) өз жұмыстарын қорғады. Ұлағатты ұстаздың жемісті еңбектері ескеріліп, билік тарапынан марапаттарға да ие болып жатты.

ҚР Президентінің жарлығымен 2004 жылдың 7 желтоқсанында Ж.Ибрашев «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 2005 жылы «Қазақстан Конституциясына – 10 жыл» медалімен, 2008 жылы «Астанаға – 10 жыл» медалімен марапатталды. 2009 жылы Ж.Ибрашев Қазақ ұлттық университетінің «Әл-Фараби» Алтын медалімен марапатталды. Ал 2014 жылы «Золотое перо Руси» халықаралық сыйлығының лауреаты, Еуразиялық әдеби сыйлығының құрметті лауреаты болды.

2016 жылдың соңында «Қазақ университеті» баспасынан профессор Жарас Омарұлына арналған «Өнегелі өмір» атты басылым жарық көрді. Сонымен бірге халықаралық қатынастар факультеті Ғылыми кеңесінің шешімімен Ғылыми кеңес залына профессор Ж.Ибрашевтың аты берілді.

Зиялылықтың лебі сезіліп тұратын Ж.Ибрашевтың биыл – 95 жылдығы. Ғалым ғұмыры қай жағынан қарасаңыз да, бүгінгі әріптестері мен болашақ жастар үшін тек үлгі мен өнегеге толы.

Амангелді ӘЛІПБАЕВ,
Бақыт БӨЖЕЕВА,
халықаралық қатынастар факультетінің доценттері

Ұлттық энциклопедияға 83 мақала жариялаған ғалым

ҚазҰУ-да есімі елге танымал, отандық ғылымның дамуына сүбелі үлес қосып жүрген ғалым-ұстаздар аз емес. Ұстаз деген ұлағатты есімге лайық болу үшін де, ғалым деген ғибратты атқа сай ғұмыр кешу үшін де жарғақ құлағың жастыққа тимей еңбектеніп, күні-түні қағаз «кеміруге» тура келеді. Ғылымда ізденбеген адам іркіледі. Өзіңді дамытып жетілдіруге күшіңді, біліміңді, ой-санаңды бұрмасаң тоқырайсың. Оның үстіне бүгінгідей технология қарыштап дамыған заманда бәсеке мықты, айналаңда озық ойлы жастар жетіліп келеді. Сондықтан қай жасқа келсең де, болдым, толдым демей, сергек көзқараспен әрекет етсең – озасың. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз елімізде химик-коллоидниктер ғылыми мектебінің негізін қалаушылардың бірі, химия ғылымының кандидаты, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Өзімбек Қоқанбайұлы жоғарыда біз айтып өткен үдеден шығатын еңбекқор ғалым.



Ғалым-ұстаз Өзімбек Қоқанбаев 1948 жылы Жамбыл облысының Талас ауданы Бостандық ауылында дүниеге келді. 1954 жылы Бостандық ауылы мектебінің табалдырығын аттап, 1965 жылы «Алғабас» орта мектебін алтын медальмен аяқтады. 1965 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетіне студент болып қабылданды. 1970 жылы химия мамандығы бойынша бітіріп шықты.

ҚазМУ-дың химия факультетінің сол кездегі дәстүрі бойынша факультеттің болашағынан үміт күтетін озат түлектерді Ғылыми кеңестің шешімімен әдетте аспирантураға ұсынатын. Ө.Қоқанбаев Ғылыми кеңестің төрағасы, факультет деканы, профессор Б.Бірімжанов аспирантураға ұсынған түлектердің бірі болғанын мақтанышпен атап өтуге болады.

Өзімбек Қоқанбайұлы – «Химия» мамандығы бойынша бакалавриат дәрежесіндегі студенттерге арнайы жазылған «ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» (2004 ж., 2006 ж.) авторлар ұжымының мүшесі. Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің 2003 жылғы 24 маусымдағы шешімімен доцент Ө.Қоқанбаевқа жастарға білім берудегі ұзақ жылғы ерен еңбегі үшін «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры» атағы берілді.

«Еліміз егемендік алған жылдары жоғары оқу орындарында қазақ бөлімі көбейіп, қазақша оқу құралдары өте қат, тапшы болған тұста профессор Ө.Қоқанбаев жоғары оқу орындары қазақ бөлімдерінің студенттеріне арналған жиырмаға жуық оқу құралын жарыққа шығарды. Ерекше атап өтерлігі, профессор Ө.Қоқанбайұлы 1998-2007 жылдары еліміздің жаңадан жарық көрген «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының» 10 томына 83 мақала жариялады», – дейді



Қайраткер ұстаз педагогикалық қызметтің қыр-сырына арнап 250-ден астам мақала жариялаған, оның 40-тан астамы оқу және әдістемелік құралдары жарыққа шыққан көрнекті маман. «Физикалық және коллоидтық химия», «Коллоидтық химия» оқулықтары ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының ұсынысымен жарық көрді. Бұл оқулықтарды еліміздің түкпір-түкпіріндегі қазақ тілінде білім алып жатқан студенттер қауымы игілікке жаратуда.

химия және химиялық технология факультеті деканының орынбасары, доцент Ләйла Қадірсізқызы.

Бүгінде Өзімбек ағай саналы ғұмырын отандық білім мен ғылымның дамуына сарп еткен үлкен жүректі ұстаз. Өмірлік мақсат-мұратының биігіне жеткен, көргені мен түйгенін жастарға үйретіп, оларды нағыз азаматтық рухта тәрбиелеуге атсалысып жүр. Қайраткер ұстаз педагогикалық қызметтің қыр-сырына арнап 250-ден астам мақала жариялаған, оның 40-тан астамы оқу және әдістемелік құралдары жарыққа шыққан көрнекті маман. «Физикалық және коллоидтық химия», «Коллоидтық химия» оқулықтары ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының ұсынысымен жарық көрді. Бұл оқулықтарды еліміздің түкпір-түкпіріндегі қазақ тілінде білім алып жатқан студенттер қауымы игілікке жаратуда.

Жігерлі күш-қайрат, тынымсыз еңбегінің арқасында білікті ұстаз жоғары білім жүйесінің дамуына қосқан зор үлесі үшін ондаған марапатқа ие болды. Мәселен, 2008 жыл байқауының жеңімпазы ретінде профессор Ө.Қоқанбаевқа «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік оқытушысы» және ҚР Білім және ғылым министрлігінің «ЖОО үздік оқытушысы» атағы берілді. Ал 2012 жылы жоғары оқу орындарына оқулықтар жазудағы көпжылдық нәтижелі еңбегі үшін А.Байтұрсынов атындағы алтын медальмен марапатталды.

Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясы 2012 жылы профессор Ө.Қоқанбаевты корреспондент-мүше етіп қабылдады, ал 2014 жылы ол осы академияның толық мүшесі (академигі) атанды. 2014 жылы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық мерейтойына орай, профессор Ө.Қоқанбаев ҚР «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.

Профессор Ө.Қоқанбаев еліміздегі химик мамандарды тәрбиелеу ісінде үлгі-өнеге көрсетуші, ақыл-кеңес беріп жол сілтеуші ұстаз, қарапайым, өте кеңпейіл тұлға. Өзімбек ағайдан көп нәрсені үйренуге болады. Оның дәрістерін студенттер де, жас мамандар да қызыға тындап, өте көп дерек, білім, мағлұмат алады.

Ғылыми тәжірибесі зор, еңбексүйгіш, айналасындағы адамдарға үлкен құрметпен, жауапкершілікпен қарайтын Өзімбек Қоқанбайұлы әріптестері мен химия саласындағы қызметкерлер арасында үлкен беделге ие.

Ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым, тамаша отбасының иесі, балалары мен немерелерін тәрбиелеп отырған профессор Өзімбек Қоқанбайұлының өмірлік жолы бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Инклюзивті биологиялық білім беру пәні бойынша «Биология» мамандығының 1-курс магистранттарына (ағылшын тобы) «Тірек-қимыл жүйесі және сезім мүшелері-анализаторлар» тақырыбына арналған ашық сабақ өткіздім.

Инклюзивті білім беруге арналған тың жоба



Инклюзивті биологиялық білім беру ерекше білімді қажет етеді. Өйткені ол биологиялық дамуында ерекшеліктері бар балалардың дені сау балалармен бірге оларды әлеуметтендіру әрі интеграция процесстерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту болып саналады. Мұндағы негізгі мақсат – болашақ маманның бойында педагогикалық сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру және инклюзивті білім беру процесінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға биология бойынша оқу-тәрбие процесін психологиялық педагогикалық тұрғыда сүйемелдеуге дайындық. Сабақ барысында магистранттар түрлі платформаларды (wordwall, learningapps.org т.б.) қолдана отырып, өзара сезім анализаторлары бұзылған жағдаяттарды бөліп алып, олармен жұмыс істеді. Олар сан алуан платформаларды қолдануды жетік меңгергенін көрсете білді.

Қазіргі заман талаптарына сай, инклюзивті білім жоғары оқу орындарында, оқу орталықтарында, жеке ұйымдарда, мектеп қабырғасында заманауи технологияларды қолдануға ықпал ететін өте пайдалы жүйе. Оған қоса, инклюзивті оқыту білім алушыларға белсенді болуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілетті дамытуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың жеке талаптары мен мүмкіндіктерін тиімді жеңілдету үшін білімгерлердің мүмкіндіктерін ескеріп, бір-бірімен қарым-қатынасын түзей отырып, білім беру әдісі. Осыған орай, инклюзивті биологиялық білім берудің бірнеше ерекшеліктерін ұсынамыз:

1. Жеке талаптар мен мүмкіндіктерге сай жоспарлау: білімгерлердің биологиялық білімге қатысуына көмек көрсету үшін жеке талаптар, жоспармен қамтамасыз етілуі.
2. Тілдік жаттығуларды



пайдалану: білімгерлердің аударма бойынша тілдік жаттығуларды қолдана білуі.

3. Тақырыпты түсіндіруді қамтамасыз ету: тақырыпты байланыстыру үшін көмек көрсету және бірлескен жұмысты іске асыру.

4. Жаттығулар мен арнайы ресурстарды қолдану: жаттығулар, аудиокітаптар, міндетті ресурстардың қамтамасыз етілуі.

Педагогикалық биология мамандығының магистранттары «Есту қабілеті шектеулі балаларға арналған инновациялық жеделхат-бот» жасау арқылы ерекше бастама көтерді. Бұл прогрессивті жоба инклюзивті биологиялық білім беруді қолдай отырып, қолжетімділік пен оқытудың жаңа технологиясының бастамасы мен мүмкіндігіне жол ашады. Студенттер заманауи технология саласында өз дағдыларын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар аудиоқоңырауларға тап болған балалар үшін қолжетімді және қызықты ете алатын құрал жасауға барлық мүмкіндіктерін салды. Бұл жоба студенттік бастаманың қоғамымызды оңтайлы өзгерістерге жетелейтіннің жарқын мысалы. Сөйтіп, https://t.me/Inclusi_Bot телеграмм жаңа чат ботын жасап шықтық. Мына сілтеме https://t.me/Inclusi_Bot арқылы ботқа тіркеле аласыз.

Жанар КЕНЖЕЕВА,
Биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының доценті м.а.,
PhD

Нашему университету 90 лет! Кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования поздравляет весь коллектив с этим юбилеем! 15 января 1934 года считается днем основания университета. 90 лет – это большой срок и большой юбилей! В дни юбилейного празднования хочется вспомнить достижения университета и обозначить перспективы развития.

У КазНУ очень большой потенциал



Университет прошёл славный путь от открытия 4-х факультетов в 1934 году до настоящего времени, когда он стал крупным научно-образовательным центром, который вошёл в топ 30 лучших вузов Азии по результатам подведения итогов рейтингового международного агентства QS. Университет – это наша альма-матер. Многие преподаватели получили высшее образование, окончили аспирантуру, докторантуру, защитили кандидатские и докторские диссертации в стенах нашего университета. У университета очень большой потенциал. Не случайно в 1985 году был открыт подготовительный факультет для иностранных студентов. Студенты из разных стран мира стремились и стремятся приехать в Казахстан и учиться в КазНУ им. Аль-Фараби.

Сейчас кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев входит в состав факультета довузовского образования. За годы существования кафедры преподаватели обучали студентов-иностранцев из разных стран русскому языку, а после получения Казахстаном независимости – казахскому языку, который является государственным. Преподаватели кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев используют новейшие методики преподавания языков, проводят большую работу по развитию у студентов навыков не только разговорного языка, но и научного стиля речи, готовят студентов для участия в научных конференциях, для написания научных статей. Студенты-иностранцы выбирают для учёбы КазНУ им. Аль-Фараби, потому что они знают, что здесь они могут не только овладеть казахским и русским языками, но и получить качественное образование на разных факультетах университета, которое соответствует требованиям нового времени: цифровиза-

ции и использования новейших технологий.

Жизнь каждого преподавателя неразрывно связана с жизнью и достижениями университета! Большая радость каждый год выпускать студентов, которые не только научились говорить по-русски и по-казахски, но и узнали историю Казахстана, познакомились с культурной жизнью страны, её традициями и обычаями. Университет сотрудничает со многими университетами мира. Каждый год приезжают студенты-обменники из Японии, студенты из Китая, из США, из Турции, из Южной Кореи, с Филиппин, из других стран Европы и Азии. Все они становятся выпускниками КазНУ им. Аль-Фараби, сохраняют любовь к университету, укрепляют дружественные отношения Казахстана с разными странами. Впереди большая работа. Кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев планирует создать учебно-образовательную базу для обучения иностранных студентов в магистратуре по специальности казахский как иностранный, а в дальнейшем и русский как иностранный. Большим подарком к 90-летию юбилею стало открытие строительства на территории КазНУ-града новых учебных корпусов и общежитий. Ректор КазНУ Жансеит Кансеитович Туймебаев приложил немало усилий для открытия этого строительства. Можно отметить, что университет заслуженно занимает почётное первое место в сфере образования Казахстана. Желаем нашему любимому университету дальнейших успехов, творческого духа, научных открытий и достижений!

**Елена ИГНАТОВА,
Айгуль САДЕНОВА,**
доценты кафедры языковой и общеобразовательной подготовки факультета довузовского образования

Славный путь ученого-педагога

Очень важно, что юбилей этого скромного, но упорного в своих словах и делах человека, известного в стране журналиста, педагога и общественного деятеля, – его 70-летие – совпал с юбилеем его родного университета, Казахского национального университета имени Аль-Фараби, которому в этом году исполняется 90 лет и в стенах которого долгое время работает этот ученый, отдавая ему свой опыт, труд и знания. Важно, потому что две эти знаменательные даты – одна касается личной творческой судьбы того, кто творил, творит и создает сегодня, а другая – жизни его родного университета, в которой творят и создают такие, как он беспокойные личности, неравнодушные к судьбе своего университета, факультета, своей специальности. И самое главное – неравнодушные к истории своего народа, своей родной культуры, родного языка. Из биографии его известно, что он кандидат филологических наук, член Союза журналистов Республики Казахстан, что он кандидат филологических наук, выпускник филологического факультета Казахского национального университета.



Вся его научная деятельность тесно связана с именем выдающегося деятеля казахского национально-просветительского освободительного движения, одного из лидеров партии «Алаш» Халелом Досмухамедовым. Эта наука началась с защиты о нем кандидатской диссертации («Публицистическое наследие Халела Досмухамедова»; научные руководители: академик Р.Сыздыкова, профессор С.Козыбаев) и заканчивая научно-методическими разработками о жизни, творчестве, публицистическом мастерстве выдающегося деятеля казахской национальной истории Халела Досмухамедова. С 1996 года и по настоящее время Аманкós Мектептегі работает на ниве народного просвещения, преподаёт на факультете журналистики КазНУ имени Аль-Фараби. Его любят и хорошо о нем отзываются студенты, его ученики.

Творческий путь Аманкós начал в 1968 году с публикацией первых фотографий и статей в областных газетах «Жем-Сағыз» и «Ақтөбе». Интересы ученого разнообразны, начиная с истории, тюркологии, лингвистики, литературоведения, педагогики, этнографии и рунологии: «Исторические истоки казахского литературного языка», «Дореволюционные исследования по казахскому языку», «Словарь географических названий Казахстана», «Географические названия Казахстана», «Тіл тағылымы», «Аламан», «Халел тағылымы», «Бекет-Ата», «Қазақ тәлім ойлары антологиясы», «Антология педагогической мысли Казахстана», «Оразмагамбет», «Великая религия национального духа», «Национальная энциклопедия Казахстана», «Древнетюркская цивилизация: надписи на памятниках», «Этюды: по памятникам письменности древних усуней», «Изучение древнетюркской письменности: настоящее и будущее», «Памятники древнетюркской письменности: истоки письменной культуры как явление развития языка», «Просветитель Халел», «Поэтическая школа Абая», «Геноцид», «Казахские фотошедевры: история, факты, искусство (на казахском, русском и английском

языках)», «Искусство фотографии» и другие, опубликованные в монографиях, справочных словарях и научно-познавательных сборниках: «Жизнь и творчество Халела Досмухамедова», «Трибун публицистики».

Аманкós Мектептегі – автор широко известных и глубоко познавательных монографических работ: «Жеті көсем», «Руна жұмбағы», «Жизнь и творчество Халела Досмухамедова», «Трибун публицистики». Оригинальное мастерство журналиста и дарование писателя подтверждается тем, что его публицистические статьи вот уже несколько лет прочно занимают призовые места в газетах «Ана тілі» и «Қазақ әдебиеті». Он автор более 300 научных и научно-популярных исследовательских работ и статей. Принимая активное участие в международных научно-теоретических конференциях, ученый всегда выдвигая нестандартные и оригинальные идеи и методы. Особенно, когда это касается древних тюркских рун. В Австрии, Турции и Монголии его научные сообщения часто становились ярким знаковым событием науки. Аманкós Мектептегі всегда находится в гуще событий. В настоящее время он редактор и издатель республиканского научно-исследовательского журнала «История отечественной журналистики», издаваемого кафедрой. Он член правления Алматинского городского общества «Қазақ тілі», член коллегии еженедельных газет «Түркі әлемі», «Ұлы дала тынысы» и Республиканского научно-методического, познавательного-психологического журнала «Қызықты психология» и член Казахстанского национального пресс-клуба.

В 2008-2009 годах он был удостоен звания «Лучший преподаватель года» среди сотрудников Казахского национального университета имени Аль-Фараби. Преподаватель и ученый, опытный наставник студентов-журналистов, он разработал специальные курсы по предметам, освещающим деятельность великих исторических личностей, заложивших фундамент казахской национальной печати: «Халел Досмухамедов – публицист», «История казахской журнали-

стики», «Школа творчества», «История отечественной периодической печати», «История письма и шрифтология», «История казахской книги», «Древняя письменная культура», «История медиа-культуры», «Род и виды информации». С 2010 по 2011 годы Аманкós Мектептегі проходил научную стажировку в университете имени Адама Мицкевича в Познани (Польша) по программе Президента РК «Болашақ». Он также принимал активное участие, выступая с докладами на научно-теоретических конференциях в таких польских городах, как Познань, Слубица, Торунь и Варшава.

Монография Аманкóса Мектептегі «Көсемсөздің көсемі» в 2015 году заняла II место в Республиканском конкурсе научной литературы. 23 июня 2022 года приказом ректора от № 329 он был награжден медалью «Ерен еңбегі үшін» Казахского национального университета имени Аль-Фараби за вклад в развитие университета. Решением Ученого совета Атырауского университета от 23 ноября 2023 года за выдающиеся заслуги перед университетом Аманкós Мектептегі был награжден Золотой медалью имени Халела Досмухамедова (приказом ректора университета С.Идрисова). В связи с сегодняшним юбилеем Академистов Республики Казахстан наградила Аманкóса Мектептегі дипломом и премией имени Юлдаша Азаматова за заслуги в области межнациональной журналистики. За выдающиеся заслуги и весомый вклад в развитие казахстанской журналистики Аманкós Мектептегі награжден почетным знаком «Қазақстанның құрметті журналисі». Ученый имеет большое количество грамот и сертификатов и продолжает достойно служить делу науки и образования на благо родного университета КазНУ имени Аль-Фараби.

Пожелаем юбиляру крепкого здоровья, больших творческих достижений, много сил и энергии для своих дальнейших открытий!

Кайрат ЖАНАБАЕВ,
кандидат филологических наук

Климаттың өзгеруі

барлық салаға әсер етеді

Климаттың өзгеруі соңғы онжылдықтағы өзекті мәселелердің бірі екені даусыз. БҰҰ ұсынған тұрақты даму мақсаттарының бірі климаттың өзгеруімен күрес болуы да бекер емес.



Жалпы, климат дегеніміз – белгілі бір жердегі ауа райының көпжылдық режимі. Ал жаһандық климат – ұзақ уақыт бойы өтетін атмосфера-мұхит-құрлық-криосфера метеорологиялық жүйесін құрайтын режимнің ансамблі. Яғни жаһандық климатты қарастырғанда тек климатология, метеорология тұрғысынан ғана емес, океанология, гляциология, геохимия, география, геофизика, геология ғылымдарымен де тығыз байланысты екенін ескеру керек. Сондықтан климаттың жаһандық өзгеруі қоғамдағы барлық салалардың дамуына өз әсерін тигізетінін атап өткен жөн.

Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымының (ДМҰ, Женева) мәлімдемесіне сәйкес, 2015-2023 жылдар аралығы бақылау кезеңдерінің ішіндегі ең жылы жыл болды. Ал өткен жылдың жаһандық ауа температурасы мәні (қазан айында) 1850-1900 жылдардағы орташа мәнінен 1,40 °C (±0,12) жоғары болған. Қазан айына дейінгі бақылау мәліметтеріне сәйкес, 2023 жыл 174 жылдық бақылау кезеңіндегі ең жылы жыл болды. Бұған дейінгі ең жылы жылдар: 2016 ж. – 1850-1900 жылдардағы орташа мәнінен 1,29 (±0,12) °C жоғары, 2020 ж. – 1,27 (±0,13) °C жоғары болған. Климатолог ғалымдардың пікірінше, жылының себебі – Эль-Ниньо құбылысы, яғни Тынық мұхитындағы оңтүстік тербелістері болып отыр. Эль-Ниньо құбылысы 2023 жылдың көктемінде пайда болып, жаз мезгілінде қарқынды дамыған, сонымен қатар 2024 жылдың жаһандық температурасының жоғары болуына алып келуі де мүмкін.

Жаһандық климаттың өзгеруі шеңберінде Қазақстан климатының да өзгерулері орын алуда. Еліміздің барлық облыстарының аумағында орташа жылдық ауа температурасының тұрақты жоғарылауы байқалады. «Қазгидромет» мамандарының хабарлауынша, ел аумағы бойынша ауаның орташа жылдық температурасының жоғарылауы әр 10 жыл сайын 0,32 °C құрайды.

Жоғарыдағы мәліметтер солтүстік жарты шарда орналасқан шамамен 8500 метеорологиялық станцияның бақылау мәліметтері бойынша нақты есептелген метеорологиялық шамалардың

өзгеру мәндері болып табылады. Ал жаһандық климаттың өзгеруін болжау қалай жүзеге асады? Әлемдік ғылымның заманауи деңгейі жүз жылдың ішіндегі болашақ климаттың өзгеруін болжай алмайды, оның өзгеруін бағалау үшін климаттық сценарийлер қолданылады.

Климаттың өзгеруі бойынша халықаралық экспорттер тобы адамзат дамуының 40 сценарийін ұсынды. Бұл сценарийлерге сәйкес, 2081-2100 жылдарға қарай жер бетіндегі ауа температурасының көтерілуі: төрт сценарийдің үшеуі бойынша 1,5 °C артады, екі сценарий бойынша 2 °C жоғары; бір сценарий бойынша 1750 жылға қарағанда 4 °C-қа дейін көтеріледі.

Сонымен қатар парниктік газдардың әсерін ескергендегі климаттық сценарийлер бойынша болашақ климаттың өзгеруін бағалайды. Қазақстан территориясы үшін GRADS кешені көмегімен IS92a сценарийі бойынша жасалған климаттық сценарийлер бірінші ретті 5 модель бойынша құрылды, олардың сезімталдығы жоғары болғандықтан, орташа температураның жоғары мәнін көрсетті.

Барлық сценарийлер бойынша ХХІ ғасырдың соңында ауа температурасының артуы күтілуде. «Максималды жылыну» сценарийлері бойынша (UK89 және CCCM) жылыну 6,9 °C құрайды, ал жауын-шашын 12% төмендейді немесе мүлде өзгермейді. Температураның максималды өсуі мен жауын-шашынның азаюы көктемгі кезеңге болжанып отыр. «Минималды жылыну» сценарийі бойынша (GISS) температураның көтерілуі 4,5 °C және жауын-шашын мөлшері 28% артады. Қалған екі сценарий бойынша температура 4,9 °C-қа көтеріліп, жауын-шашын 7 және 24%-ға артады. Осылайша GISS сценарийі жауын-шашынның 28% артуы нәтижесінде «жұмсақ», ал UK89 сценарийі ең жоғары жылыну мен жауын-шашынның төмендеуі нәтижесінде «құрғақ» болып табылады. Дегенмен бұл көрсеткіштер «жоғары» болып саналады.

Жоғарыдағы климаттық сценарийлер бойынша ауа температурасының жоғарылауы, жауын-шашынның төмендеуі күтілетіні бағалануда, дегенмен бірқатар ғалымдардың пікірінше, бұл жылыну тек антропогендік үлес емес, табиғи өзгерістер де болуы мүмкін деген көзқарас білдірді.

Климаттың өзгеруі әлемдік қоғамдастық деңгейінде талқылануда. Былтыр желтоқсан айында Дубайда климат жөніндегі дүниежүзілік саммит өтті, бұл саммиттің әлемдік деңгейде өтуінің өзі де климат өзгеруі мәселесінің маңызды екенін дәлелдегендей. Бұл саммитте еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сөз сөйлеп, еліміздегі климатқа қатысты мәселелерді көзге алады.

Қазақстан Париж көлесімін ратификациялағанын, парниктік газдардың бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын қабылдағанын, әлемдік деңгейдегі «жасыл дамуға» қатысты бастамаларды қолдайтынын атап өтті. Сондай-ақ еліміздің басшысы Арал теңізі мәселесін де көтеріп, оны құтқару бойынша іс-шараларға қажетті қаржыландыруды да басшылыққа алды. Климаттың 1,5 °C-қа дейінгі жаһандық жылынуын атап өтіп, тұрақты даму мақсаттарына сай, климаттың өзгеруімен күрес және оның өзгеруіне бейімделу шараларын да қамтыды. Еліміз қорға төрағалық етіп, 2024 жылы «Біртұтас су» атты бірінші тақырыптық саммит, 2026 жылы өңірлік климаттық саммит ұйымдастырылатынын да атап өтіп, әлемдік қоғамдастықты халықаралық форумдарға шақырды.

Климаттың өзгеруі – бұл тек мемлекеттік деңгейде ғана қарастырылатын мәселе емес, жеке тұлға ретінде әрбір адамның жауапкершілігіндегі іс. Климаттың өзгеруімен күресу, суды ысырапсыз пайдалану, экожүйені сақтау сияқты мәселелерде әрбір адам әрекет етіп, үлес қоса алады.

Аида МҰҢАЙТПАСОВА,
Метеорология және гидрология кафедрасының аға оқытушысы, г.ғ.к.

The textbook "Theoretical Mechanics" by Nurzada Beissen, a graduate of the Faculty of Physics and Engineering of the Al-Farabi Kazakh National University, a candidate of physical and mathematical sciences, and an associate professor, was published by the decision of the Republican Educational and Methodological Council of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan. This is the first textbook in the Kazakh language intended for university students and researchers to study theoretical physics courses in depth.

«Kazakh language is the language of science»



We congratulate our colleague on this remarkable achievement, as well as on being named the "BEST TEACHER" of 2023 in the annual competition among teachers of higher educational institutions organized by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

In this regard, it should be noted that Nurzada Beissen is our graduate who is making a significant contribution to the scientific potential of our country. She is the first Kazakh female scientist to defend a scientific thesis on the theory of general relativity under the scientific supervision of Abdildin Meirkhan, who is a well-known theoretical physicist and founded the national scientific school on Einstein's theory of gravitation.

She is the author of more than 100 publications in specialized republican and foreign peer-reviewed journals, including 23 in publications recommended by the Committee for Education and Sci-

ence of the Ministry of Higher Education and Science of the Republic of Kazakhstan; 24 in scientific publications of foreign countries, including 15 in peer-reviewed foreign scientific journals, which are included in the scientometric databases Scopus and Web of Science, of which 7 articles over the past 5 years have been published in prestigious scientific journals in the Q1 quartile, as well as 37 reports in materials of foreign international conferences, 2 textbooks, and 5 educational manuals.

Our colleague Nurzada is doing a lot of work in glorifying science to the younger generation. For decades, she has brought about 65 gold, silver, bronze, and Honorable Mentions to our country as a consul of the International Olympiad in Astrophysics and Astronomy from Kazakhstan and a trainer of the national team.

You can read the textbook at this link: <https://elib.kaznu.kz/book/23277>

Студенттер «Құстар әнін» шырқайды

Филология факультеті «Қазақ филологиясы» мамандығының 1-курс студенттері белгілі күйші, дирижер, композитор, Кеңес Одағының халық әртісі, Халық қаһарманы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қайталанбас туындылардың авторы Нұрғиса Тілендиевтің мемориалдық музейіне саяхат жасады.



Музыкасы ханның да, қарашаның да жүрегіне жол тауып, дүйім жұрттың рухани жан серігіне айналған тұлғаның өмірі мен шығармашылығына студенттер зор қызығушылық танытты. Композитор өмірінің соңғы жылдарын өткізген музей-үйінде студенттер Нұрғиса Тілендиевтің күйсандығын, түрлі музыкалық аспаптарын, кітаптарын, нота жинақтарын, құжаттарын, суреттерін, киген киімдерін, ас бөлмесін, демалыс бөлмесін, қонақ бөлмесін, жұмыс залын т.б. көріп тамашалады. Заманауи технологиямен жабдықталған музейдегі техникалық құралдар-

дың көмегімен композитордың даусын естіп, әндері мен музыкасын тыңдады. Студенттер музей қызметкерлеріне сұрақтар қойып, Нұрғиса Тілендиев туралы тереңірек біліп, соңында композитордың атақты «Құстар әнін» ерекше шабытпен шырқайды. Студенттер саяхаттан рухани азық алып, әсерлі сәтті өзгеше сезіммен өткізді.

Құралай МҰХАМАДИ,
А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к., куратор-эдвайзер

Al-Farabi бизнес мектебі

Ұлыбританияның Бизнес мектептері қауымдастығының мүшесі атанды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Al-Farabi Business School Халықаралық бизнес мектеп түлектері қауымдастығының (BGA) – Business Graduates Association) мүшесі атанды.



BGA – 2019 жылы негізі қаланған, әлемге танымал MBA қауымдастығының серіктесі. Штаб-пәтері Лондонда орналасқан. Аталған қауымдастық дүниежүзінің алдыңғы қатарлы әрі жылдам дамушы, жауапкершілікпен басқару тәжірибесі бар, үздіксіз білім алу мен қоғамға пайда әкелуге ұмтылатын бизнес мектептерді біріктірген. BGA-дың ішкі жарғысы Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму бағдарламасының негізінде құрылған.

BGA-ға мүшелік ету арқылы Al-Farabi Business School жаһан-

дық білім беру қауымдастығындағы түрлі университет, бизнес мектептермен тығыз байланыста бола алады.

Сонымен қатар келесі қадам ретінде Al-Farabi Business School білім беру бағдарламаларының сапасын жақсартып, студенттер-

ге бірегей мүмкіндік ұсынатын аккредитация алуды жоспарлайды.

Сағира МАМАТОВА,
Мәдина ДАУЫЛБАЕВА,
физика-техникалық факультетінің 4-курс студенттері

Алтын ұя мектебімізбен қоштасқаннан кейін түлектер алдында ең маңызды міндет – мамандық таңдау тұрады. Әрбір адам өз мамандығын саналы түрде таңдап, болашақта кім болғысы келетінін өзі шешкені дұрыс. Сол сияқты мен де мектепті тамамдағаннан кейін еліміздің барлық жоғары оқу орындарын қарап, қызметімен танысып шықтым. Ата-анаммен ақылдастым. Сөйтіп, екі университетті таңдадым. Бірінші таңдауым – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне түсті. Бүгінде биік белесті бағындырып отырған жақындарымның ішінде де осы оқу орнын аяқтағандары маған ұстаздарының ерекшелігі, жалпы білім алудың, тұлға болып қалыптасудың ерекшеліктері жайлы қызықты деректер айтты. Сөйтіп, осы білім ордасының студенті атануды өзіме мақсат еттім.

ҚазҰУ-да оқу – бір бақыт



Сондықтан да мен еш ойланбастан еліміздің үздік университеті – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне түсу үшін құжат тапсырдым. Құжат тапсыруға келген күннен-ақ бұл жерге ғашық болдым. Жоғары мәдениетті орта, толеранттық, көркемдік, жоғары талғам – осының бәрі менің болашақтағы арнамымның бастауы осы жерден басталатынын айғақтап тұрғандай. Менің таңдауым «Жерге орналастыру» мамандығы бойынша география және табиғатты пайдалану факультетіне түсті. Меніңше, бүгінгі күнде «Жерге орналастыру» мамандығы дамыған және сұранысы көп мамандықтардың бірі. Осы салада білім алып, еліме адал қызмет етсем деймін.

Оқуға түскенде өзімнің де, ата-анамның да қуанышында шек болмады. Ұстаздарымның ақбегімен төккен терімнің ақталғанына риза болдым. Ару қала Алматының, ҚазҰУ-дың студенті атану қандай бақыт!

Университеттің жоғары білікті мамандарды даярлауға, іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға, оларды өндіріске енгізуге бағытталған білімді игеруге деген талпынысына ерекше қуандым. Ғылыми-инновациялық және өндірістік әлеуетке ие екенін көріп, жүрегімде қуаныш пен қорқыныш сезімі туды. Бұл – үлкен жауапкершілік, яғни алдағы төрт жыл мен бар күш-жігерімді оқуға арнасам ғана биік белесті бағындырамын деп түйдім. Қазір білікті ұстаздар, қайраткер ғалымдар бізге сабақ беруде. Олардың әңгімесін, өмірлік тәжірибесін тыңдау бір ғанибет. Мысалы, Раушан Балғабекова ағайымыз ағылшын тілін бізге жалықпай үйретіп жатыр. Шет тілін білу – өте маңызды. Біз де ол кісінің сабағына қуанып барамыз, қуанып қайтамыз. Қара шаңырақ оқу ордасында мұндай ұстаздар өте көп.

Университеттің қоғамдық өміріне де араласып жатырмыз. ҚазҰУ-да көптеген студенттік ұйымдар жұмыс істейді. Әрбір ұйымда өзіндік ерекше шығармашылық атмосфера бар. Оларға қатыса жүріп, өзім көптеген жаңа таныстар таптым. Көпкестір эмоция, қуаныш мені жақсылыққа бейімдейді. Бірінші курстан жақсы оқып, жан-жақты дамысақ, біз, ҚазҰУ түлектері, болашақта мемлекетіміздің барлық салаларында жоғары қызмет атқарып, танымал компанияларда еліміздің өркендеуі үшін еңбек ететін боламыз.

Айша МҰРАТҚЫЗЫ,
1-курс студенті

Бішкектегі турнирде жеңімпаз атанды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің 1-курс студенті Төлеген Бекнар Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек Open-2024 халықаралық турнирінде бірінші орын алды.

Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Беларусь елдерінен әртүрлі салмақта 1000-ға жуық спортшы қатысқан турнирде қазақстандықтар ең жоғары нәтиже көрсетті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің екі спортшы студенті 1-5 ақпан аралығында Астанада өткен грек-рим, әйелдер күресі және еркін күрестен Қазақстан чемпионатында топ жарды.

Спортшыларымыз әйелдер күресінде топ жарды



Дене шынықтыру және спорт кафедрасының 3-курс студенті Лаура Ғаниқызы 50 келі салмақта 1-орын алды.

Осы кафедраның 3-курс студенті Мәдина Жеңісқызы 53 келі салмақта 3-орынды иеленді.

Елордадағы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы «Жекпе-жек» сарайында өткен жарысқа еліміздің әр өңірінен 10 түрлі салмақ дәрежесіндегі 107 спортшы қыз қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
• Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.